

«Мамандықтың бәрі жақсы» республикалық интернет-байқауды қашықтықтан өткізу ережелері

1. Жалпы ережелер

1. Мектепке дейінгі, жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында «Мамандықтың бәрі жақсы» республикалық интернет-байқауын (бұдан әрі - Байқау) қашықтықтан өткізу ережесі оны өткізудің мақсатын, міндеттерін және тәртібін анықтайды.

2. Мақсаты: білім алушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауы үшін жағдай жасау, мамандықтарды зерделеуге шығармашылық тәсілдерді белсендіру, білім алушылар мен педагогтерді бірлескен қоғамдық мәнге ие кәсіптік бағдар қызметіне тарту.

Байқау міндеттері:

1) болашақ кәсіби жолын саналы таңдауға білім алушыларды уәждемелеу;

2) кәсіптер әлеміне балалардың қызығушылығын арттыру;

3) балалардың жеке шығармашылық қабілеттерін анықтау және дамыту.

3. Байқауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК өткізеді.

4. Байқаудың ұйымдастырушылары ұйымдастыру комитеті мен әділ қазылар алқасының құрамын қалыптастырады.

2. Байқауды өткізу мерзімі және тәртібі

5. Байқау жұмыстары **2017 жылғы 16 қаңтар мен 3 наурыз аралығында turkonkurs@bk.ru** электронды поштасына қабылданады.

2017 жылғы 3 наурыздан кейін түскен, сондай-ақ талаптарға сәйкес келмейтін байқау материалдары қарастырылмайды.

Байқаудың қорытындысы, жеңімпаздардың дипломдары, қатысушылардың сертификаттары **2017 жылғы 20 наурызда www.ziyatker.org** сайтында орналастырылады.

6. Байқауға келіп түскен жұмыстар қайтарылмайды. Байқаудың ұйымдастырушылары авторды көрсете отырып, жұмысты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға құқылы.

7. Байқауға қатысу үшін **1500 (бір мың бес жүз)** теңге төлемақы төленеді.

Төлемақы барлық банк немесе Қазпошта бөлімшелерінде келесі реквизиттер арқылы жүргізіледі:

ҚР БҒМ «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК (резидент).

БИН 990140004733

ИИК KZ91856000005068448

БИК КСЖВКЗКХ

Кбе 16

Төлемақы мақсатының коды: 859.

АО «Банк Центр Кредит», Астана қ.

Төлемақының мақсаты: **«Мамандықтың бәрі жақсы»** байқауы. Байқауға қатысушының (жіберуші) аты-жөні, тегі міндетті түрде көрсетілуі қажет.

8. Байқауға қатысу үшін міндетті түрде келесі құжаттарды:

- 1) қосымшаға сәйкес №1 өтінімді;
- 2) сканерден өткізілген төлем туралы құжат (түбіртек немесе төлем тапсырмасын);
- 3) электронды түрде байқау жұмысын **turkonkurs@bk.ru** электронды поштасына жіберу қажет.

3. Байқау қатысушыларына қойылатын талаптар

9. Байқауға мектепке дейінгі, жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары келесі жас санаттары бойынша қатысады:

6 жасқа дейін мектепке дейінгі жас санаты;

7-10 жастағы кіші жас санаты;

11-14 жастағы орта жас санаты;

15-17 жастағы жоғарғы жас санаты.

10. Байқау келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

- 1) «Мамандыққа бастар жол» өзінің болашақ мамандығын презентациялау;
- 2) «Керек кәсіп бәрі де» - суреттер байқауы;
- 3) «Өскен кезде, мен ... боламын» - комикстер немесе фотосуреттер коллажы;
- 4) «Мамандықтар әлемі» - сөзжұмбақтар, бас қатырғыштар, жұмбақтар, ребустар, викториналар байқауы.

11. Байқау жұмыстары келесі талаптарға сәйкес қабылданады.

«Мамандыққа бастар жол» номинациясы бойынша байқау жұмыстары Microsoft Office PowerPoint форматында орындалады, (фотосуреттерден, суреттерден) құралған 10 слайдтан артық болмауы керек. Слайд-презентацияны дикторлық дауыспен немесе музыкамен сүйемелдеуге болады.

«Керек кәсіп бәрі де» номинациясы бойынша суреттер қабылданады. Суреттер кез келген материалда (ватман, картон, кенеп және т.б.) және түрлі сурет салу техникаларында (майлы бояулар, акварель, гуашь, қарындаш, түрлі-түсті қарындаш және т.б.) болуы тиіс. Байқауға ұсынылатын жұмыстар сканерленіп немесе жұмыс барысы 3-4 суретке түсіріліп, JPEG форматында электронды түрде жіберіледі.

«Өскен кезде, мен ... боламын» номинациясы бойынша байқауға қолдан жасалған, 2-10 суреттерден тұратын, бір бетке (формат А4) ресімделген комикстер немесе фотосуреттер коллажы қабылданады. Байқауға ұсынылатын жұмыстар сканерленіп немесе суретке түсіріліп, JPEG форматында электронды түрде жіберіледі.

«Мамандықтар әлемі» номинациясы - сөзжұмбақтар, бас қатырғыштар, жұмбақтар, ребустар, викториналар байқауы. JPEG форматында немесе .doc(x) А4 форматында ұсынылады. Байқау жұмыстары келесідей түрде қабылданады: толтырылмаған сөзжұмбақ, сұрақтары; толтырылған сөзжұмбақ (жауаптары); ребус және ребуста құпияланған жауап; бас қатырғыштар жұмбақтар, викториналар, тесттер жауаптарымен.

Басқа адамның және Интернет желісінен алынған материалдарды қолдануға тыйым салынады.

12. Байқау жұмыстарын бағалау өлшемдері:

байқаудың тақырыбына және номинациясына сәйкестігі;

жұмыстың сапалы және шебер орындалуы;

ақпараттың түпнұсқалығы мен мазмұндылығы;

шығармашылық деңгейдің автордың жас ерекшелігіне сәйкестігі;

тақырыптың қисындылығы мен толық ашылуы;

материалдардың көркемдік және техникалық сапасы.

13. Байқауда бір қатысушы бір номинация немесе бірнеше номинацияға қатыса алады. Әр номинацияға әр қатысушыдан бір ғана жұмыс қабылданады. Әр номинация бойынша әр жеке жұмыс үшін төлемақы қабылданады.

14. Байқау жұмысының титул парағында көрсетіледі:

облыс, аудан (қала), ауыл;

білім беру ұйымының аталуы;

байқау, номинация, жұмыс аталуы;

автордың аты-жөні;

қатысушының жасы;

e-mail, байланыс мәліметтері;

жетекшінің аты-жөні, тегі;

жетекшінің лауазымы және жұмыс орны.

4. Байқаудың қорытындысын шығару және жеңімпаздарын марапаттау

15. Әділқазы мүшелері номинациялар бойынша байқаудың жеңімпаздарын анықтайды.

16. Байқау жеңімпаздары I, II, III дәрежедегі дипломдармен, байқау жеңімпаздарының (I, II, III дәрежедегі дипломдарды иеленген) жетекшілері алғыс хатпен марапатталады, орынға ілікпеген қатысушыларға сертификаттар беріледі.

Байқау жеңімпаздарына дипломдардың, олардың жетекшілеріне алғыс хаттардың және қатысушыларға сертификаттардың электронды нұсқалары

www.ziyatker.org сайтында мына сілтеме <http://www.ziyatker.org/#!-/c10hg> бойынша автоматты түрде жүктеу мүмкіндігімен орналастырылады.

Анықтама телефондары: **8(7172)249308** («Мамандықтың бәрі жақсы» байқауы).

Диплом, сертификаттардың онлайн нұсқасын жүктеу үлгісі www.ziyatker.org → Республикалық шаралар → «Мамандықтың бәрі жақсы» байқауы → жалғасы.

Қатысушы балаларға арналған ғылыми-танымдық www.ziyatker.org сайтында, «Жас саяхатшы» қауымдастығына («ВКонтакте» әлеуметтік желісі арқылы) тіркелуі тиіс. (Мына сілтеме бойынша <https://vk.com/puteshestvennikkz>).

1- қосымша

Байқауға қатысушы туралы мәлімет

Қатысушының Т.А:Ә.	Жасы	Облысы, ауданы, елді-мекені, білім беру ұйымының аталуы, сыныбы, курсы	Байқаудың аталуы, номинациясы тақырыбы	Байланыс мәліметтері (ұялы телефоны, эл. поштасы)	Жетекшісінің толық аты-жөні, жұмыс орны, лауазымы	Жетекшісінің байланыс мәліметтері (ұялы телефоны, эл. поштасы)
1	2	3	4	5	6	7
Муслимова Жадыра Өмірзаққызы	10 жас	Оңтүстік Қазақстан облысы, Шымкент қаласы, Шарбақты ауданы, Шарбақты ауылы, № 1 мектеп, 4-сынып	«Мамандықтың бәрі жақсы» байқауы, «Керек кәсіп бәрі де» номинациясы	Ата-аналардың байланыс нөмірлері көрсетелуі мүмкін.	Петрова Нина Ивановна, № 1 мектептің бастауыш сынып мұғалімі	Тел: Эл. Почта:

Титул парағын толтыру үлгісі

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша
білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК

«Мамандықтың бәрі жақсы» республикалық интернет-байқауы

«-----» номинациясы

Тақырыбы:

Жұмыстың авторы: Муслимова Жадыра Өмірзаққызы

Білім беру ұйымының мекенжайы: Павлодар облысы, Шарбақты ауданы, Шарбақты ауылы

№ 1 мектеп, 9-сынып

Жетекшісі: Петрова Нина Ивановна

2016 жыл